

«31» 09 2023ж  
(күні, айы, жылы)  
№1 педагогикалық кеңестің  
шешімінде қабылданды \_\_\_\_\_



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023-2024 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған  
іс-әрекетінің перспективалық жоспары  
«Қызғалдақ» ортаңғы тобы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023-2024 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық  
жоспары.**

**Білім беру ұйымы: «Балбөбек» бөбек-жай балабақшасы.  
«Қызғалдақ» ортаңғы тобы 3 жас.**

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек 2023ж	Музыка	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре — ля диапазонында.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспап сыбызғымен және сондай-ақ оның дыбысталуымен таныстыру.</p>
Қазан айы 2023ж		<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту:</b> ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ми— си диапазонында.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспап металлофон және сондай-ақ оның дыбысталуымен таныстыру.</p>
Қараша айы 2023ж		<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту:</b> барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспап қоңырау және сондай-ақ оның дыбысталуымен таныстыру.</p>
Желтоқсан айы 2023ж		<p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p><b>Ән айту:</b> әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспап сылдырмақ және сондай-ақ оның дыбысталуымен таныстыру.</p>
Қаңтар айы 2024ж		<p><b>Музыка тыңдау:</b> Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу</p>

	<p>дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспап маракас және сондай-ақ оның дыбысталуымен таныстыру.</p>
<p><b>Ақпан айы 2024ж</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> әнді бірге бастап, бірге аяқтау</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындау.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспап барабан және сондай-ақ оның дыбысталуымен таныстыру.</p>
<p><b>Наурыз айы 2024ж</b></p>	
<p><b>Сәуір айы 2024ж</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балаларды музыкалық аспап қоңырау және сондай-ақ оның дыбысталуымен таныстыру.</p>
<p><b>Мамыр айы 2024ж</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>